

**Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**  
Білім беру үйімі : **ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы**

**Топ : «Балапан» ортаңғы тобы**

**Балалардың жасы: 3-4 жастан.**

**Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы.**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Ақпан	Музыка	<ul style="list-style-type: none"><li>- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</li><li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li><li>- өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li></ul> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыкалық шығарманы соына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музика аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Тұрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сактауға және білуге; шығарманы соына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p>

	<p>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тындауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді ) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.</b></p> <p>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғакты орындау, шенбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүргүре үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жүппен ырғакты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдан жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.</p> <p>Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p> <p>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мұмкіндік беру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b></p> <p>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыйбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.</p>
--	--